

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА
 2017 ж. 26 - 04 заңды
 № 350057910-АД куәлік
 Алғашқы тіркелген күні 2000 ж. 31.08
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
 произведена государственная перерегистрация
 юридического лица 26.04 2017
 свидетельство № 35005-1110-АД
 Дата первичной регистрации 31.08 2000
 БСН/БИН 000840002490

«Аль Сакр Финанс» АҚ акционерлерінің
 жылдық жалпы жиналысы шешімімен
 «БЕКІТІЛГЕН»
 (2018 жылғы «06» маусымдағы
 №2 хаттамасы)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
 № 1883 БҰЙРЫҒЫ
 2018 ж. 28 - 06
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
 внесены изменения и дополнения
 в учредительные документы
 ПРИКАЗ № 1883
 28.06 2018

«Аль Сакр Финанс» акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2018 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Аль Сақр Финанс» акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) ұйымның атауын, орналасқан жерін, мақсаты мен қызметін, оның органдарының құзыретін, қайта құрылу және қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - заңнама) қайшы келмейтін өзге жағдайларды анықтайды.

1.2. «Аль Сақр Финанс» акционерлік қоғамының атауы (бұдан әрі – Қоғам):

толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Аль Сақр Финанс» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: акционерное общество «Аль Сақр Финанс»;

ағылшын тілінде: «Al Saqr Finance» Joint Stock Company.

қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Аль Сақр Финанс» АҚ;

орыс тілінде: АО «Аль Сақр Финанс»;

ағылшын тілінде: «Al Saqr Finance» JSC.

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Самал-2 ықшам ауданы, № 97 үй.

1.4. Қоғам қызметінің мерзімі—шектелмеген.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

2.2. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, осы Жарғыны, сондай-ақ ислами қаржыландыру қағидаттарын, құрылтай құжаттарын, ішкі құжаттарды және акционерлердің арасындағы кез-келген келісімдерді басшылыққа алады. Заңнама бойынша рұқсат құжатын алу қажет болатын бөлек қызмет түрлері бойынша жұмыс осындай рұқсат құжатын алғаннан соң басталады.

2.3. Қоғамның жеке теңгерімі, банк шоттары және мөрі бар. Қоғам мөрінде сондай-ақ Қоғамның ағылшын тіліндегі тіркелген атауы, тауар белгісі, символы, логотипі немесе Қоғамға тиесілі өзге айрықша белгісі болуы мүмкін.

2.4. Өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін Қоғамның мынадай құқықтары бар: мәмілелер жасасу, мүлікті меншікке алу, міндеттемелерді орындау, сотта талапкер және жауапкер болу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге құқықтарды жүзеге асыру.

2.5. Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде филиалдар мен өкілдіктер ашуға және заңнама мен құрылтай құжаттарына сәйкес олардың қызметін ұйымдастыруға құқылы. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері осындай филиалдар мен өкілдіктер туралы Директорлар кеңесі бекіткен ережелерге сәйкес әрекет етеді.

2.6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

2.7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкес құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

2.8. Қоғам бухгалтерлік және қаржы құжаттамасы мен есептілігін Халықаралық қаржы есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп туралы заңнамасына сәйкес жүргізуі тиіс.

3. ҚОҒАМ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартады.

3.2. Қоғам акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті тартпайды, акционерлер де Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде карастырылған жағдайлардан басқа, Қоғамның қызметімен байланысты шығын тәуекелін оларға тиесілі акциялардың құнының шегінде ғана көтереді.

3.3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.4. Қоғам акционерінің құқықтары:

1) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізілуін ұсынуға;

3) дивидендтер алуға;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) Қоғамның тіркеушесінен немесе номиналды номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

8) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын артықшылықпен сатып алуға;

12) акционерлердің Жалпы жиналысының Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

4.5. Сондай-ақ, ірі акционердің келесідей құқықтары бар:

1) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру жайында сотқа талап-арыз беру;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

3) Өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап ету.

4.6. Акционерлердің заңнамада, құрылтай құжаттарында және акционерлердің арасындағы келісімдерде қарастырылған басқа да құқықтары бар.

4.7. Қоғам акционері міндетті:

1) Акцияларды төлеуге;

2) Осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға.

5. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

5.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, ислами қаржыландыру қағидаттарына және Қоғам Жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қаржы-шаруашылық қызмет жүргізуден пайда табу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыру арқылы мынадай негізгі міндеттерді (оларды қоса, бірақ олармен шектелмей) атқарады:

1) қаржы лизингі қызметтері;

2) инвестициялық қызмет;

3) қаржыландыруды тарту, соның ішінде ислами құнды қағаздарды шығару арқылы;

4) құнды қағаздар нарығындағы ислами қаржыландыру талаптарына сәйкес келетін кәсіби қызмет, сондай-ақ қаржы нарығындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ислами қаржыландыру қағидаттарымен рұқсат етілген өзге қызмет;

5) консультациялық, ақпараттық және талдама қызметтерді көрсету;

6) ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкес келетін деңгейде халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, кез-келген банкте теңгемен және өзге валюталармен шоттарды ашу, жүргізу және жабу;

8) Қоғамның корпоративтік мақсатына қол жеткізу үшін қажет көлемде ғана импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде мүлікті, соның ішінде жылжымайтын мүлікті жалдау, сату, сатып алу немесе өзге жолмен сатып алу және мұндай мүлікті Қоғамның мақсаттары үшін немесе оны басқа тұлғаларға қосалқы жалгерлікке беру үшін пайдалану;

10) Қоғамның қызметін іске асыру үшін қажет жабдықты, материалдар мен қызметтерді сатып алу, және Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде жеткізушілерді тәуелсіз іріктеп алу;

11) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде кездесулерге, семинарларға, көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысу;

12) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде қызметкерлерді жалдау және Қоғамның шетел қызметкерлерінің Қазақстан Республикасына заңды келуін және одан заңды кетуін ұйымдастыру;

13) одақтарға, қауымдастықтарға және кез-келген басқа бірлестіктерге қатысу;

14) Қазақстан Республикасы мен одан тыс жерлерде рұқсат етілген инвестициялардың барлық түрлерін жүзеге асыру

15) сыртқы экономикалық қызмет;

16) Заңнамаға сәйкес құрылған заңды тұлғалар үшін тыйым салынбаған, Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет өзге қызметті жүзеге асыру.

5.2. Қоғам құрылтай құжаттарын, ислами қаржыландыру қағидаттарын, ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және акционерлердің арасындағы кез-келген келісімдерді басшылыққа алады және оларға сәйкес қызметін жүзеге асырады.

5.3. Қандай да қызмет түрін, соның ішінде аталып өткен қызмет түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органның арнайы рұқсаты (лицензия, сертификат) немесе халықаралық органдарда тіркелу және/немесе рұқсат алу қажет болған жағдайда, Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті рұқсаттарды (лицензияны, сертификатты) алғаннан соң және соған сәйкес қызметтің осы түрін жүзеге асырады.

5.4. Қоғам қызметті тиісінше жүзеге асыру қағидаттарына сәйкес және акционерлер орынды түрде жорамалдайтын пайданы алу мақсатымен қызметті өзінің атынан және акционерлерінің мүдделеріне сәйкес жүзеге асырады және онымен байланысты тәуекелдер мен жауапкершілікті көтереді. Дивидендтер құрылтай құжаттарында анықталған тәртіпте және Акционерлердің Жалпы жиналысы шығарған шешімнің негізінде бөлінеді.

6. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

6.1. Қоғамның органдары болып табылады:

1) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда – сол акционер);

2) басқару органы—Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган—Басқарма;

4) ислами қаржыландыру қағидаттарының талаптарын орындауды қадағалау бойынша тәуелсіз орган—Сараптамалық кеңес;

5) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылайтын орган—Ішкі аудит қызметі;

6) Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес өзге де органдар.

7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

7.1. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысы жарияланған акциялардың шығарылуы мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен және акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесі жасалғаннан кейін екі ай ішінде шақырылуға және өткізілуге тиіс.

7.2. Қоғам акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы және аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

7.3. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

7.4. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

7.5. Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

7.6. Акционерлерге алда Жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен – күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.

7.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

7.8. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін, мұндай толықтырулар туралы Қоғам акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе Заңның 43-ші бабы 4-ші тармағында белгіленген тәртіппен хабарланған жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін.

7.9. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде – сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.

7.10. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға сәйкес не акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешімімен белгіленеді.

7.11. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттілігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

7.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

7.13. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

7.14. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

7.15. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп Қоғам акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған

бюллетеньді акционердің Жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге жарғыда белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

7.16. Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қойылған мәселелер бойынша дауыстар есептеледі. Егер акционердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

7.17. Барлық дауыс беретін акциялары жалғыз акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

7.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
- 6) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 8) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 9) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 10) есепті жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу жайлы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу жайлы шешім қабылдау;
- 12) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 14) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 16) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

17) акционерлерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

18) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

19) шешім қабылдау Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер;

7.19. Жарғының 7.18. бабының 2), 3), 4) және 15) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

7.20. Егер Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің Жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

7.21. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

8. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

8.1. Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директор кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

8.2. Егер Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру жайлы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың санының шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды өтеуін төлеп алуы және оларды өтеуін төлеп алу бағасы жайлы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) атқарушы органның басқарушысы мен мүшелерінің лауазымдық қызметакыларының мөлшерін, еңбеақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басқарушысы мен мүшелерін таңдау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық қызметінің мөлшерін және оған сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

11) қаржы есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметінің, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының төлемақы мөлшерін анықтау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы орган Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттардан басқа), соның ішінде Қоғамның құнды қағаздарының аукциондары мен жазылымдарын өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу жайлы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан аса пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;

15) Акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан аса пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның, акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жайлы шешім қабылдау;

16) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

17) Қоғам мен оның қызметі жайлы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын ақпаратты анықтау;

18) Қоғам Жарғысына сәйкес жасалуы туралы шешім Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу жайлы шешімдерді қабылдау;

19) Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

8.3. Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

8.4. Директорлар кеңесі:

1) лауазымдық тұлғалар мен акционер деңгейіндегі мүдделер шиеленісін, соның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасуды теріс пайдалану жағдайларын қадағалау және мүмкіндігінше жоққа шығаруы;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауы тиіс.

8.5. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғамның атқарушы органына шешілуге жіберіле алмайды.

8.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Жарғысында қарастырылған тәртіпте сайлайды және Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысы қайта сайлайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір орнына бір үміткер сайлауға түсетін жағдайлардан басқа, Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлердің жиынтықты дауыс беруі арқылы сайлайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерін келесі тұлғалардың арасынан сайлайды:

1) акционерлер-жеке тұлғалар;

2) Акционерлердің мүдделеріне өкілдік етушілер ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес етілген) тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің мүдделеріне өкілдік етуші ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (кеңес етілмеген) жеке тұлғалар. Жеке адам ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

8.7. Атқарушы органның мүшелері, басқарушысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басқарушысы Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

8.8. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің отырысында оның мүшелері арасынан дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалпы санының дауыстарының көпшілігімен сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

8.9. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырысын жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында анықталған өзге қызметтерді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болып шыққан жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші тұлға шешуші дауысқа ие.

8.10. Директорлар кеңесінің отырысы Төрағаның немесе атқарушы органның бастамасымен немесе келесілердің талабымен шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) ірі акционердің;
- 4) Ішкі аудит қызметінің талабымен шақырылуы мүмкін.

8.11. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы Директорлар кеңесінің Төрағасына тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы қойылады. Хабарламада Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетілуі тиіс. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталмыш талабымен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғамның атқарушы органына жүгінуге құқылы. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе атқарушы орган отырысты шақыру талабы келіп түскен күннен 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын оны шақыруды талап еткен тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

8.12. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін қажет кворум Директорлар кеңесінің таңдалған мүшелерінің жартысынан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалпы саны осы Жарғыда қарастырылған кворум үшін жеткілікті болмаған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Қоғамның мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

8.13. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Заңда өзгесі қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады.

8.14. Қоғам Жарғысында және (немесе) қоғамның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі мүмкін. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар

кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

8.15. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

8.16. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз Директорлар функцияларына осы Жарғының 8.15. тармағы 1)-4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

8.17. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

9. САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС

9.1. Сараптамалық кеңестің мақсаты Қоғамның қызметін, операцияларын және мәмілелерін ислами қаржыландыру қағидаттарына сәйкестігі бойынша тексеру болып табылады.

9.2. Сараптамалық кеңес мақұлдамаған қызмет есебі Сараптамалық кеңес мақұлдаған қызметтен бөлек жүргізіледі.

9.3. Сараптамалық кеңестің қызметі Қоғамның ішкі құжатымен регламенттеледі.

9.4. Қоғамның ислами қаржыландыру қағидаттарын сақтауына қатысты қандай да даулар туындаған жағдайда, Қоғам бұл мәселені акционерлердің Жалпы жиналысына шешім қабылдау үшін жібереді. Акционерлердің Жалпы жиналысы Сараптамалық кеңестің нұсқауларын қолдамаса, бұл мәселе Дубай қаласында (Біріккен Араб Әмірліктері) орналасқан Реттеу және Арбитраж бойынша Халықаралық Ислам Орталығына жіберіліп, ол қабылдаған шешім барлық тараптар үшін ақырғы және міндетті болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген Орталық қандай да себеппен қызмет көрсетпесе, Қоғам Сараптамалық кеңестің шешімін орындауға міндетті.

10. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

10.1. Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды алқалы атқарушы орган— Басқарма жүзеге асырады.

10.2. Басқарма Заңда және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез-келген қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.3. Басқарма Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

10.4. Басқарма мүшелерінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін Директорлар кеңесінің шешімімен анықтайды.

10.5. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ аталған адам мен қоғам арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

11. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

11.1. Басқарма Төрағасы:

- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шығарған шешімдердің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды.
- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді.
- 6) атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі.
- 7) Қоғам Жарғысында және Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ

12.1. Қоғам өзінің акционерлерінің назарына қоғамның мынадай корпоративтік сипаттары:

- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер;
- 2) Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылданған шешімдер, бұл мәселелер туралы ақпарат қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің назарына жеткізілуге тиіс;
- 3) Қоғамның акцияларды және басқа құнды қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру нәтижелері туралы есептерді,

Қоғамның құнды қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның құнды қағаздарын жоюы;

4) Қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін: жасалуында қоғамның мүдделілігі болған табылатын және Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны қоғам активтерінің баланстық құнының Жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеленуге немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелерді жасасуы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

5) Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік иеленетін не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасу туралы ақпарат мәміленің тараптары, иеленетін немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ, бар болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

6) Қоғам мүлкін Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомға кепілге беру (қайта кепілге беру);

7) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

8) Қоғамның қандай да қызмет түрін жүзеге асыру үшін рұқсаттар алуы, Қоғамның қандай да қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін бұрын алған рұқсаттары уақытша және біржола тоқтауы;

9) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

10) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

11) теңгерімдік құны Қоғам активтерінің Жалпы көлемінің он және одан да көп пайызын құраған қоғам мүлкін жойған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;

12) Қоғам мен оның лауазымдық тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

13) корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалуы;

14) Қоғамның мәжбүрлі таратылуы жайлы шешім;

15) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарының шығару перспектісіне сәйкес, акционерлердің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.

12.2. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмесін Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен, бірақ қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

12.3. Заңнамамен талап етілетін жағдайларда, және мұндай талаптардың шегінде Қоғам аталып өткен ақпаратты акционерлер мен инвесторларға оның ашылуы үшін белгіленген мерзімде жариялауға немесе өзге жолмен ашуға міндетті. Қоғам басылым жасау мақсатында қаржы есептілігі депозитарийінің ресми веб-сайтын, және қажет болған жағдайда, «Казахстанская правда» немесе «Заң газеті» газеттерін пайдаланады.

13. АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ҚОСЫЛМА ТҰЛҒАЛАРЫ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

13.1. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзінің қосылма тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті. Осыған байланысты, Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену

туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндетті.

14. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1. Қоғам Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе ҚР заң актілері мен Азаматтық кодексінде қарастырылған өзге негіздермен қайта құрылуы немесе таралуы мүмкін.

14.2. Қоғамды қайта құру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

15.2. Осы Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Жарғының көрсеткіштері түрінде енгізілуі мүмкін, немесе Жарғы жаңа редакцияда баяндалуы мүмкін.

15.3. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдеріне сәйкес мағлұмат енгізілгеннен кейін заңды тұлғаның таратылуы ақталған болып, ал заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған болып есептеледі.

«Аль Сакр Финанс» Акционерлік Қоғамның
Басқарма Төрағасы


_____ Д. Успанов





«УТВЕРЖДЕН»

**решением Годового Общего собрания
акционеров АО «Аль Сакр Финанс»
(протокол от «06» июня 2018 года №2)**

УСТАВ

акционерного общества «Аль Сакр Финанс»

г. Алматы, 2018 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав акционерного общества «Аль Сакр Финанс» (далее - Устав) определяет его наименование, местонахождение, цель и деятельность, компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан (далее – законодательство).

1.2. Наименование акционерного общества «Аль Сакр Финанс» (далее – Общество):
полное наименование:

на государственном языке: «Аль Сакр Финанс» акционерлік қоғамы;

на русском языке: акционерное общество «Аль Сакр Финанс»;

на английском языке: «Al Saqr Finance» Joint Stock Company.

сокращенное наименование:

на государственном языке: «Аль Сакр Финанс» АҚ;

на русском языке: АО «Аль Сакр Финанс»;

на английском языке: «Al Saqr Finance» JSC.

1.3. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, г. Алматы, микрорайон Самал-2, дом №97.

1.4. Срок деятельности Общества – не ограничен.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Общество является акционерным обществом в соответствии с Законом РК «Об акционерных обществах» (далее - Закон), законодательством Республики Казахстан.

2.2. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством, настоящим Уставом, а также принципами исламского финансирования, учредительными документами, внутренними документами и любыми соглашениями между акционерами. По отдельным видам деятельности, для которых законодательством требуется получение разрешительного документа, деятельность будет начата только после получения такого разрешительного документа.

2.3. Общество имеет собственный баланс, банковские счета и печать. Печать Общества может также содержать зарегистрированное наименование Общества на английском языке, товарный знак, символ, логотип или другой знак отличия, принадлежащий Обществу.

2.4. Для целей своей деятельности Общество вправе совершать следующее: заключать сделки, приобретать в собственность имущество, нести обязательства, быть истцом и ответчиком в суде и осуществлять другие права в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

